Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университетінің
САПА САЛАСЫНДАҒЫ САЯСАТЫ

Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті білім беруге, кәсіпкерлік мәдениетті қалыптастыруға және жеке тұлғаны дамытуға ғылыми-бағдарлы көзқарас арқылы өңір экономикасын дамытуға үлес қосатын, жоғары білімді үдемелі дамытудың жаңа буындағы университеті болып табылады.

БҚИТУ-дың сапа саласындағы саясаты үздіксіз білім алуға және көшбасшылыққа қабілетті, инновациялық ойлау қабілеті бар, әлемдік ғылыми жетістіктер базасында білікті мамандарды даярлауға бағытталған.

Саясат университеттің құндылықтары мен дәстүрлеріне, білімді генерациялауға және ғылым, білім мен практиканың тығыз байланысын қамтамасыз етуге қабілетті профессорлық-оқытушылық құрамның, ғылыми мектептердің әлеуетіне сүйенеді.

БҚИТУ-дың сапа саласындағы саясаты мыналарды көздейді:

- ғылыми қамтымды білімге және практикаға бағдарлануға сүйене отырып, білім беру процесін кәсіптік стандарттарға және ұлттық біліктілік шеңберіне сәйкес жетілдіру;
- білім беру процесіне жаңа ақпараттық және интерактивті технологияларды, онлайн оқытуды, қосымша білім беру бағдарламаларын және бейресми оқытуды енгізу;
- университеттің стратегиялық мен миссиясын нәтижелі іске асыру үшін университет пен стейкхолдерлер арасында тиімді коммуникацияларды құру;
- білім беру үдерісімен және өңірдің және әлеуметтік серіктестерді дамыту қажеттіліктерімен тығыз байланыста ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу;
- ғылым және білім беру саласында кәсіпкерлікті дамыту, ғылыми зерттеулер мен технологиялар нәтижелерін коммерцияландыру үшін қолайлы жағдайлар жасау;
- халықаралық ынтымақтастық пен серіктестікті дамыту, бірлескен білім беру және ғылыми жобаларға, академиялық ұтқырлық бағдарламаларына қатысу;
- профессорлық-оқытушылық құрамның ғылыми және педагогикалық деңгейін арттыру;
- студенттердің шығармашылық әлеуетін және көшбасшылық қасиеттерін дамыту, жастар бастамаларын, стартаптарды, волонтерлік қызметті қолдау;
- инновациялық технологиялар негізінде университет инфрақұрылымын дамыту;
- университеттің білім беру, ғылыми және басқару қызметін цифрлық трансформациялау, заманауи цифрлық инфрақұрылымды дамыту және жасанды интеллект технологияларын енгізу;
- білім алушылардың, профессорлық-оқытушылық құрамның және қызметкерлердің цифрлық және жасанды интеллект саласындағы құзыреттерін қалыптастыру;
- жасанды интеллектіні жауапты әрі қауіпсіз қолдану, академиялық адалдықты, этикалық қағидаттарды және дербес деректерді қорғау талаптарын сақтау арқылы қолданбалы зерттеулер мен студенттердің технологиялық бастамаларын қолдау.

Ректор **Б.Т.Шакешев**

«01» 09 2026 г.